

**"Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" Айыртау аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 25 шілдедегі № 5-6-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы № 7-5-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 мамырда № 7403 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 8-13-1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 29.03.2024 № 8-13-1 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Айыртау аудандық мәслихатының "Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы туралы" 2012 жылғы 25 шілдедегі № 5-6-3 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-3-161 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

Қағидалардың 2-тармағының 2) тармақшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"2) аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысы-тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсандағы отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;"

Қағидалардың 2-тармағының 4) тармақшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"4) шекті жол берілетін шығыстар үлесі – көпбалалы отбасының (азаматтың) бір айда кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің

ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдалануға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) жиынтық кірісіне проценттік қатынасы.";

Қағидалардың 3- тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"3. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады."

Қағидалардың 2-тарауының тақырыбы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"2. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі";

Қағидалардың 4-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"4. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге арналған шығыстарға ақы төлеу сомасы

мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жеткізушілер ұсынған ай сайынғы жарналар туралы шоттарға және шығыстар сметасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі."

Қағидалардың 6-тармағы алынып тасталсын.

Қағидалардың 8-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"8. Аз қамтылған отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылы. Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі."

Қағидалардың 9-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"9. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды."

Қағидалардың 3-тарауының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу"

Қағидалардың 11-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"11. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысын тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган есептейді".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы*

*Айыртау аудандық мәслихаты*

*V сессиясының төрағасы*

*Солтүстік Қазақстан облысы*

*Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы*

*А. Кожаметов*

*Г. Абулкаирова*